

Үйге берілген тапсырманы сұраймын. Оқушыларға бірнеше сұрақтар қоямын

1. Төлен Әбдіков деген кім? Оның қандай шығармаларын білесіңдер?
2. Оның «Қонақтар» деген әңгімесі не жайында ?
3. Осы әңгіменің негізгі тәрбиелік мәні қандай?
4. Осы әңгімеден өздерін қандай ой түйдіңдер?

Балалар, сабағымыздың келесі кезеңі - пікірсайыс.

Әңгіменің негізгі кейіпкері Сапабектің іс- әрекеті, ата-анасы деген көзқарасы дұрыс па, әлде бұрыс па? Сол туралы пікір таластырамыз. Жақтаушы топ, даттаушы топқа бөлініп ойымызды білдіреміз.

Келесі кезекте әр топ қарсыласына дайындалып әкелген сұрақтарын қояды.

А: Әңгіменің негізгі кейіпкері Сапабекке хат жолдаңдар.


Ә: Автор сұрақ қойыңдар.



Дулат

Исабеков

Дулат Исабеков
(1942 жылы)



Өмірі мен шығармашылығы.

- ❖ Дулат Исабеков 1942 жылы желтоқсан айының 20-шы жұлдызында ОҚО Сайрам ауданында дүниеге келген.
- ❖ Дулат – жазушы, драматург. ҚазҰУ-тінің филология факультетін 1966 жылы бітірген.

Атқарған қызметтері:

- ❖ 1967-68 ж. ҚР Телевизия және радио хабарларын тарату жөніндегі мемлекеттік қызметте аға редактор.
- ❖ 1968-70 ж. Қазақ Совет энциклопедиясы бас редакциясында аға ғыл. редакторы.
- ❖ 1971-76 ж. “Жұлдыз” журналында бөлім меңгерушісі, 1976-80 ж. “Жалын” баспасында редакция меңгерушісі.
- ❖ 1980-88 ж. ҚР Мәдениет мин.репертуарлық-редакциялық коллегияның бас редакторы.
- ❖ 1988-92 ж. Қазақ теледидарының бас редакторы, “Жазушы” баспасының директоры.
- ❖ 1992-95 ж. Қазақстан жазушылар одағының хатшысы қызметтерін атқарған.
- ❖ 1998 жылдан ҚР Мәдениеттану және өнертану ғыл.зерт.ин-тының директоры.Алғашқы әңгімесі “Замандастар” жинағында жарияланған

Алғашқы әңгімесі “Замандастар” жинағында жарияланған

Повестер мен әңгімелер жинақтары:

“Бекет” (1966), “Ащы бал” (1969),
“Мазасыз күндер” (1970), “Қара шаңырақ” (1973),
“Тіршілік” (1975), “Екі жиырма” повестер жинағы (1983).

Романы:

“Қарғын” (1980)

Пьесалары :

“Жеті желкен” (1987) пьесалар жинағы,
“Ректордың қабылдау күндері” (1975),
“Әпке” (1977), “Ертеңгі күту” (1979), “Мұрагерлер” (1982),
“Алыстан келген ананас” (1984), “Кішкентай ауыл” (1986),
“Анасын аңсаған қыз”, “Ескерткіш операциясы”,
“Ескі үйдегі екі кездесу”,
т.б пьесалары республикалық, облыстық театр
сахналарында қойылған.





Жекелеген туындылары венгр, неміс, поляк, чех тілдерінде жарық көрген. Бірқатар шығармалары орыс тілдеріне аударылып, “Полынь”(1978), “Отчий дом” (1979), “Смятение” (1986), “Новоселье в старом доме”(1986) деген атпен басылып шыққан.

“Тауһар тас ”(реж.Ш.Бейсембаев,1975), “Дермене” (реж.А.Әшімов,1986), “Тауқымет” (реж.Ұ. Қолдауова) туындылары бойынша көркем фильмдер түсірілген.





МЛҒАН

Ғарапаттамалары:

- ❖ ҚР мемлекеттік сыйлықтың иегері (1992)
- ❖ Халықаралық “ПЕН” клубы сыйлығының (1996) лауреаты.
- ❖ “Құрмет” орденінің иегері.

Венн диаграммасы:

Дулат Исабеков	Ұқсастығы	Төлен Әбдіков
<p>1. <u>Телевизия және радио хабарларын тарату жөніндегі мемл.к-те аға редактор болған.</u></p> <p>2. Бірнеше туыдылары бойынша көркем фильмдер түсірілген.</p> <p>3. Институт директоры қызм. атқарған.</p> <p>4. “Құрмет” орденінің иегері.</p>	<p>1. Жазушы, драматург.</p> <p>2. Редакторлық қызметтер атқарған.</p> <p>3. Қазақстан жазушылар одағында хатшы қызм. атқарған.</p> <p>4. мемлекеттік сыйлықты иегерлері.</p> <p>5. Қазақстандағы “ПЕН” клуб сыйл. лауреаттары.</p>	<p>1. <u>Аудармашы:</u> гректің “Эллада ерлерін” қаз. тіліне ауд.</p> <p>2. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері</p> <p>3. <u>“Қазақфильм”</u> киностудиясында бас редакторы болған</p> <p>4. Халық. “Ф. Кафка” атынд. сыйл. лауреаты.</p>

Кітаппен жұмыс: Д.Исабековтың «Әпке» әңгімесі. Шығарманы рөлге бөліп оқу.

Шығармашылық жұмыс:

1. Оқушылармен бірге пьесаға жоспар құру:

I. Кіріспе бөлім.

а) Қабен мен Қамажайдың диалогы.

ә) Ермектің түсі.

б) Қамажай үйіндегі жастардың бас қосуы.

II. Негізгі бөлім.

а) Тимурдың үйленуі.

ә) Гауһардың Омарға ғашық болуы.

б) Қамажай мен Қабеннің кездесуі.

III. Қортынды бөлім.

А) Тимурдың басқа қалаға кетуі.

ә) Қамажайдың туған күні. Ермек пен бірге қалуы.